

## **Атырау қаласы Мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 2023 жылғы 13 маусымдағы № 27 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 21 маусымда № 5040-06 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6 – бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27 – бабына сәйкес Атырау қаласының Мәслихаты ШЕШТІ:

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Атырау қалалық Мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Атырау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы № 215 ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4141 болып тіркелген ) шешімі;

2) ""Атырау қалалық Мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Атырау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы № 215 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Атырау қаласы Мәслихатының 2022 жылғы 28 наурыздағы № 152 шешімі.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Атырау қаласы Мәслихатының төрағасы*

*Н. Құрман*